

- күнделікті және кәсіби қызметте азаматтық жауапкершілік пен дербестікті қалыптастыру.

Осылайша, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінде педагогикалық қолдау арқылы әрбір студентке өзінің әлеуетін іске асыру, қажеттіліктерін қанағаттандыру, табысты Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесін дайындауға арналған күрделі міндеттердің бірі-әлеуметтік педагогке жұмыста зиянды әдеттерге балама қолдануды ұсыну. Атап айтқанда, О. В. Миновская приключения педагогикасын зерттеу. Осы тұрғыда ол балалар мен жастардың қызметін ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін талдады, осы педагогикалық тәсіл шеңберінде мектептен тыс ортада қауіп тобындағы жасөспірімдер мен балаларды әлеуметтендіру мәселелерін шешудің мақсатқа сай әдістерін, құралдарын, нысандарын ашты, тұлғаның жағымды өмірлік тәжірибесін қалыптастыру кеңістігі ретінде adventure функциялары анықталды және сипатталды.

Зерттеуші шытырман оқиғалы жағдайдың құрылымын, ондағы өзара іс-қимылдың сипатын, оларды жобалау принциптерін және проблематизация, өзін-өзі анықтау, Оқудағы кедергілерді жеңу процесінде қатысушыларды сүйемелдеу шарттарын анықтауға ерекше назар аударады.

О. В. Миновскаяның ұсынылған түрлері мен құралдарының көпшілігін апробациялау оларды "әлеуметтік педагог жұмысының теориясы мен әдістемесі" курсына оқу процесіне, оқу практикасына енгізу арқылы жүргізіледі; студенттерді бейіндік ауысуларда және ең алдымен "Кентавр" рольдік ойын лагерінде (Т. В. Козырева) ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу арқылы жүзеге асырылады.

Ғылыми зерттеудің осы бағытының теориялық және практикалық құндылығы ұсынылған шаралардың, белгіленген заңдылықтардың, жұмыс істейтін әлеуметтік педагогтердің, жастармен жұмыс ұйымдастырушылардың, жастар бірлестіктерінің жетекшілері, студенттердің таңдаған жолдарының сұраныстылығымен расталады. Әсіресе, болашақ әлеуметтік педагогтарды волонтерлік қызметке қосу сияқты аспектілер арқасында олар аяушылыққа үйренеді, олардың өмірі адамның қатысуымен байытылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адольф В.А. Теоретические основы формирования профессиональной компетентности учителя– М., 1998.
2. Басова В.М. Теория и практика формирования социальной компетентности личности. – Кострома, 2004.
3. Воронцов Д.Б. Психология и педагогика социального воспитания. – Кострома, 2010. – 42–45с.
4. Кевля Ф.И. Педагогические технологии: диагностика, прогнозирования и поддержка личностного развития ребёнка. – Вологда, 2009.
5. Митина Л.М. Психология развития конкурентоспособной личности. – М.: Воронеж, 2002.
6. Мудрик А.В. Социализация человека. – М., 2010.

**Саламат Ж.К.,** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 6M011100-Информатика мамандығы, магистрант  
(*Ғылыми жетекші - п.ғ.к., доцент м.а. Ошанова Н.Т.*)

## **ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

А.Ф.Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады.

Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен

аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [1].

Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы».

Ш.Таубаева: «Құзыреттілік–ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» -деп қарастырылады [2].

Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама –қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру.

Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі - белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Ескі мазмұнды ығыстыра отырып, елімізде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты-баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім.

*Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты* — бәсекеге қабілетті маман дайындау.

*Мұғалім* – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал, бұл мұғалімнен жоғары құзыреттілікті, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады.

*Педагогтардың кәсіби құзыреттілігі* – олардың педагогикалық қызметті жүзеге асыруға деген теориялық және практикалық дайындығының бірлігі.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, оның бастапқы тәжірибелі біліктілігі және шеберлігі, жас ерекшеліктеріне сәйкес адамның тұлғалық дамуына байланысты белсенді, үздіксіз үйренуінде қалыптасады.

«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» ұғымының түсіндірмесі психологтар, педагогтар арасындағы дау мен келіспеушіліктер объектісіне айналды және қазіргі күнге дейін әртүрлі

түсіндірмелер беріп келеді (С.И.Ожегов, С.Я.Батышев, В.И.Ермакова, Г.Коджаспирова, Г.Ж.Менлибекова, Б.Т.Кенжебеков және т.б.) [3].

В. А. Адольфтың пікірінше, «кәсіби құзыреттілік - білім кешенін қамтитын күрделі білім, қабілеті, қасиеттері мен оқу-тәрбие үдерісін құрудың вариативтілігі, оңтайлылығы және тиімділігі» болып табылады [4].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі деп, біз өзара байланысты үш құрауыштан тұратын тұлғаның қасиеттерін түсінеміз:

- Педагогикалық қызметте жүзеге асатын кәсіби білім;
- Кәсіби біліктілік;
- Мұғалімнің кәсіби құнды қасиеттері.

Бұл үш құрауыш мұғалімнің тұлғасын дамыту мақсатымен біріктірілген, сонымен қатар әр құрауыш педагогикалық қызмет үдерісінде бірде алғышарт, бірде құралы, бірде нәтижесі болып қызмет атқарады.

Кәсіби құзыреттілік – мамандықтың талаптарына деген оның сәйкестік дәрежесі.

Ендеше, құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай мұғалімнің өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Жаңа талаптарға бағына отырып, информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының негізгі жолдарын анықтауға болады.

1. Әдістемелік бірлестіктерде, шығармашылық топтардың жұмысы;
2. Зерттеу, эксперименталды жұмыстар жүргізу;
3. Педагогикалық қолдау түрлерін үйрену;
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті;
5. Сайыстарға, мастер-класстар, форум және панорамалық сабақтарға белсенді түрде қатысу, педагогикалық тәжірибесін жинақтау;
6. АКТ пайдалана білуі.

Алайда, қазіргі білімді цифрландыруға қарамастан, білім беру мекемелеріндегі информатика мұғалімінің рөлі өзінің оқу-әдістемелік жұмысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланумен шектелмейді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін құрайтын құрауыштарды қарастырайық.

Құрауыштар	Кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы
Арнайы құзыреттілік	оқыту жүргізілетін белгілі бір мамандық немесе оқытылатын пән бойынша терең білімдерді, біліктілік пен өндірістік іс-әрекет тәжірибесін; нақты бір өндіріспен байланысты техникалық шығармашылық есептерді шешу әдістерін білуді қарастырады;
Әдістемелік құзыреттілік	оқытудың алуан түрлі әдістерін меңгеруі, дидактикалық әдістер мен тәсілдерді білуі және оқыту үрдісінде оларды қолдана білу іскерлігі, оқыту үрдісінде білім мен іскерлікті меңгерудің психологиялық механизмдерін білуді қарастырады;
Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік	педагогикалық диагностиканы меңгеруді, оқушылармен педагогикалық мақсатқа сәйкес қатынасты құра білу іскерлігі, оқытылатын пәнге немесе оқушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылықтарын туғыза білу және оларды әрі қарай дамыту іскерлігі жатады;
Дифференциалды-психологиялық құзыреттілік	оқушыларға нұсқау және бағыт-бағдар беру, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін көрсете білу іскерлігі, адамдардың эмоционалды жағдайын анықтай білуі; оқушылармен, ұжыммен және басқарушылармен сауатты қарым-қатынасты құра білу іскерлігі жатады;
Аутопсихологиялық құзыреттілік	өз әрекетіндегі өз қабілеттерінің деңгейін саналы түрде меңгеру іскерлігін; кәсіби өздігінен жетілу әдістері туралы білуді; өзінде және өзінің жұмысында жіберген кемшіліктердің себептерін көре білу іскерлігін; өздігінен жетілуге ұмтылуды жобалайды;
Ақпараттық	Заманауи ақпараттық алқаптарында ақпаратты ұтымды іздеу және пайдалану әдістерін білуі, компьютерлік ақпарат түрлерімен жұмыс жүргізу дағдысын игеруі, ақпаратты Интернетке жеткізуді, компьютер және Интернет – технологияларының көмегімен ашық және сыныптан тыс сабақтарды ұйымдастыру дағдысын меңгеруі, Интернет технологиялары арқылы оқушыларға өзіндік жұмысты ұйымдастыруы жатады.

ҚР білім мен ғылым министрілігінің 2018 жылдың 29 маусымындағы №316 бұйрығына сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілігін тексеріліп жатыр. Осыған байланысты кәсіби құзыреттілігін тексеру жүз тестілік тапсырмадан тұрады:

- «Қызмет бағыты бойынша» – жетпіс тапсырма;
- «Педагогика, оқыту әдістемесі» – отыз тапсырма;

Кәсіби құзыреттілігін тестілеудің жалпы уақыты екі жүз отыз минутты құрайды. «Қызмет бағыты бойынша» - 50%, «Педагогика және оқыту әдістемесі» бойынша - 50% дұрыс жауап алынса, тестілеу нәтижесі оң деп есептеледі.

Тестілеу кезінде 50 %-дан кем нәтиже көрсеткен немесе дәлелді себептермен қатыспаған аттестатталушы адамдар бірінші тестілеуден кейін екі айдан кешіктірмей қайта тестілеуден өтеді.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың бірден бір құралы – оқушылардың оқудағы нәтижесін бағалауда жаңа инновациялық тәсілдерді тиімді қолдану болып табылады. Мұғалімдердің бағалау дағдысының дамуы педагогикалық шеберлік деңгейін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. Алматы, 2011
2. Байжуманова Н. С. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі //Білім әлемінде. – 2008, - № 5. - С. 33-36.
3. Нұрғазиева Н. М. Шығармашылық әрекеттегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің аспектілері // Бастауыш мектеп. - 2010. - №11. - С. 58-60
4. Құдайбергенова К.А. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары, 2008, 30- 32-б.
5. Устемиров К. Шаметов Н.Р. Васильев И.Б. Профессиональная педагогика. Алматы, 2005.- 432 с.

**Сарсенғалиева Г.К., Ізтұрғанова Л.Е.,** Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, машина жасау факультеті, гр. СТ-19-1, студент  
(*Ғылыми жетекшісі – оқытушы Кишенова А.Ю.*)

## **ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕКТЕБІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазіргі таңдағы мектептердің әлеуметтік-педагогикалық мәселелерінің бірі оқушылардың агрессивті мінезі, оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас, мұғалім мен баланың отбасының арақатынасы, оқушының өзін-өзі ұстау дәрежесінің түсуі, физикалық және эмоционалды агрессиялардың пайда болуы жатады.

Балалардың агрессивті мінезінің пайда болуы тек қана мұғалімдер, дәрігерлер, психологтардың ғана емес, бүкіл қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Агрессивті мінез-құлықты балалардың саны қарқынды өсуде. Психологтар агрессияның бірнеше түрін ерекшеледі: физикалық агрессия (біреуге қарсы келтірілген физикалық іс-әрекет), ашуланшақтық (дәрекілік, қызбалық), жанама агрессия (сөз тарату, көңілге тиетін әзілдер, айқаулау), негатив (оппозициялық мінез-құлық).

Бұның барлығы қайырымсыз факторлардың кесірінен пайда болып отыр:

- балалардың денсаулығының жай-күйіне кері әсерін тигізетін патологиялық туылу санының ұлғаю ;
- бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы;
- әлеуметтік өмірдің нашарлауы;
- отбасылық мәселелер мен өзінің қатарластарымен келіспеу терең психикалық қолайсыздыққа әкелуі;
- отбасылық тәрбиедегі тығырық;
- балаға уақытылы көңіл бөлінбеуі.

Балалық агрессияның пайда болуы мен отбасыдағы берілген тәрбиенің арасында тікелей байланыс бар. Мысалы, егер баланы агрессивті мінез-құлық көрсеткені үшін қатты жазалайтын болса, онда ол ата-анасының алдында өз ашуын жасырып үйренеді, бірақ бұл агрессивті мінез-құлықтың басқа жағдайда көрсетілуіне кепілдік бермейді. Баланың агрессивті мінез – құлқына ата-ананың немқұрайлы қарауының өзі баладағы агрессивті мінез-құлықтың пайда болуына әкеледі. Балалар агрессивті мінез-құлықты көп жағдайда үлкендердің назарын өздеріне аудару